



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ

ОТАН  
СЕЗІМІН  
НЫҒАЙТУ



## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ

Банктің қызметі экологиялық қауіпті болып табылмайды және жоғары экологиялық тәуекелмен үштаспайды. Банк сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдайды және экологиялық қауіпсіз технологиялардың дамуы мен таралуына ықпал етеді.

## Энергия тұтыну және энергиялық тиімділік

Банк филиалдарының кең желісі бар қаржы институты болып табылады. Банк жұмысын сақтау үшін электр және жылу энергиясының едәуір көлемі қажет. Банк өзінің қоршаған ортаға әсерін барынша азайту және операциялық тиімділігін арттыру үшін энергия үнемдеу шараларын қабылдайды. Банк филиалдардың кең желісі бар қаржы институты болып табылады. Осыған байланысты өз қызметін қолдау үшін Банкке электр және жылу энергиясының едәуір көлемі қажет. Банк қоршаған

Есепті жылы Экологиялық заңнаманы бұзушылықтар, өндіріп алудар болған жоқ.

ортаға әсерін азайту және операциялық тиімділікті арттыру үшін энергия үнемдеу шараларын қолданады. Қаржы қаражатын үнемдеу және электр энергиясын үнемдеу мақсатында банктің Орталық аппараты мен филиалдарының ғимараттарында қуаты 12-60 Ватт жарықдиодты шамдар орнатылды. Банктің Орталық аппаратының ғимаратында энергия ресурстарын тұтыну мынадай кестеде келтірлген:

### Банктің Орталық аппараты ғимаратында энергия ресурстарын тұтыну

Энергия түрі	2021	2022	2023
Электр энергиясы (сатып алу), кВт*сағ	2 639 507,27	2 556 782,62	<b>1 829 498,76</b>
оның ішінде жаңартылатын көздерден	0	0	<b>0</b>
оның ішінде жаңартылмайтын көздерден	2 639 507,27	2 556 782,62	<b>1 829 498,76</b>
Жылу энергиясы, Гкал	13 807,38	9 159,20	<b>8 598,63</b>

Электр энергиясы Банкке «Алматы Энерго өткізу» ЖШС-мен жасалған шарт негізінде ТП 21-44-тен Қалалық электр беру желісімен жеткізіледі. ғимаратты жылтыруды орталық жылу желілері (ЖЭО) «Алматы жылу желілері» ЖШС жылумен жабдықтаушы компаниясы шарт негізінде жүзеге асырады.

Өзінің операциялық процестерінің қоршаған ортаға әсерін азайту, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мақсатында 2024 жылы Банк Орталық аппараттағы дәліздерде, 2025 жылы Банктің 10 филиалында, 2026 жылы Банктің барлық 20 филиалында жарықтандыруды автоматты бақылау жүйесін (қозғалыс датчиктерін) орнатуды өзіне мақсат етіп қояды.

## Су тұтыну

Банк өз қызметінде су тұтыну көлемін азайтуға, су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыруға және табиғи су объектілеріне әсерін азайтуға тырысады. Банк елдің су ресурстарына ұқыпты және ұтымды

қараудың маңыздылығын сөзсіз қабылдайды. Банктің Орталық аппаратының ғимаратында су тұтыну келесі кестеде көрсетілген:

### Банктің Орталық аппаратының ғимаратында су тұтыну

Тұтыну түрі	2021	2022	2023
Су тұтыну, м <sup>3</sup>	20 915,97	20 203,21	17 872,32
Кәріз, м <sup>3</sup>	20 915,97	20 203,21	17 872,32

Банктің Орталық аппаратының ғимараты су көзінде жер үсті, жер асты, жаңбыр және басқа үйымның ағынды суларын тұтынбайды және пайдаланбайды. Сүмен жабдықтау және су бұруды

«Алматы Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының орталық желілері шарт негізінде жүзеге асырады.

## Қалдықтарды басқару

Банк үшін қаржы институтынде қалдықтардың негізгі түрлері қағаз, шығыс материалдары және пайдаланылған үйымдастыру техникасы болып табылады. 2014 жылдан бастап іс жүргізуде қағаз тұтынуды қысқарту үшін Банк Documentolog электрондық кеңселік құжат айналымы жүйесін пайдаланады. Бұл жүйе Банктің барлық ішкі құжат айналымын автоматтандыруға және құжаттарды қалыптастыру, келісу, тексеру, бекіту, олардың орындалуын бақылау, тарату, іздеу және мұрағаттау сияқты бизнес-процессерді электрондық форматқа көшіруге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, соңғы жылдардың минимизацияланған басып шығару және екі жақты басып шығару тәжірибесін белсенді түрде енгізуде. Банктің тәжірибесінде ормандар мен ағаштарды сақтауға, әлемдік экологиялық проблемаларды шешуге қосынша үлес қосу үшін қағаз жұмсамай, материалдарды көрсету бойынша жарықдиодты экрандарды, планшеттерді пайдалана отырып, алқалы органдардың жұмыс топтарының отырыстарын/ кеңестерін өткізуін цифирлық нысандары қолданыла бастады. Осы-

лайша, 2023 жылды Банк 2022 жылмен салыстырғанда қағазды пайдалануды 50%-ға қысқартты (2022 жылы пайдаланылған қағаз саны – 53 950 бума, 2023 жылы – 27 100 бума).

Сондай-ақ, Банк 2019–2020 жылдары экологиялық саясатты іске асыру шеңберінде Банк ғимараттарында қатты тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау жүйесін пайдалану және үш топқа – шыны мен металл, пластик және қағазға сұрыптау арқылы (Eco Network компаниясымен бірлесіп) қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау мен кәдеге жаратуды біріздендірүү жөнінде «Жасыл кенсе» жобасын енгізді. 2021–2022 жылдары бұл жұмыс уақытша тоқтатылып, 2023 жылы қайта жандандырылды. Бұл ретте Банктің макулатура-қағазды кәдеге жаратуға жыл сайынғы тапсыруы жалғасуда. 2023 жылдың қорытындысы бойынша Банктің Орталық аппараты 222,5 кг макулатура-қағазды гидроидырату жолымен қайта өндөу және кәдеге жарату үшін Қайталама шикізат үйимына тапсырды.

### Қалдықтарды басқару

Қалдықтардың жалпы түзілүі (тонна)	2021	2022	2023
оның ішінде:	112,43	113,34	<b>114,45</b>
Қауіпті қалдықтар	–	–	–
Қауіпті емес қалдықтар	112,43	113,34	<b>114,45</b>
Өңделген және қайта пайдаланылған қалдықтар (тонна)	0	0	<b>0,33485</b>

Банк қалдықтар бойынша қосынша нақты деректерді Банктің сайтында «Тұрақты даму» /

«ESG есептілігі» бөлімінде орналастырылған ESG Databook шеңберінде жүргізеді.



# Коршаған ортанды қорғау

Өз қызметінің сипатына байланысты Банк қоршаған ортаға тікелей елеулі әсер етпейді. Жоғарыда айтылғандай, Банк тұтыннатын негізгі ресурстар электр энергиясы, жылу энергиясы және су болып табылады. Банк қоршаған ортаға жағымсыз әсерлердің алдын алуды барынша қамтамасыз ететін ресурстарды ұтымды пайдалану қағидаттары мен әдістерін қолданады. Банк қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемді жүзеге асырмайды, өйткені Банк қоршаған ортаға ең аз теріс әсер ететін IV санаттағы объектілердің операторы болып табылады.

Сонымен қатар, Банкте қызметкерлердің экологиялық сана деңгейін арттыруға, сондай-ақ қауіпсіздік техникасын, оның ішінде өрт қауіпсіздігін сақтауға бағытталған іс-шаралар тұрақты негізде өткізіледі. Жыл сайын банк қызметкерлерін экологиялық саясат, энергияны, суды және басқа да табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану бойынша оқыту жүргізіледі.

Банк өз қызметкерлері арасында экологиялық құндылықтар мен жауапты өмір салтын үнемі на-сихаттайты, соның арқасында Банк қызметкерлері жұмыс күні аяқталғаннан кейін компьютерлер мен басқа да электр құрылғыларын қуат көздерінен міндепті түрде ажыратудың маңыздылығы, жұмыс күні аяқталғаннан кейін жарықты өшірудің маңыздылығы, қалдықтарды сұрыптау қағидаттары мен маңыздылығы туралы толығырақ біле алды, бір жолғы ыдас-аяқтан бас тарту арқылы өздерінде пайдалы дағдылар қалыптастыруға үйрәнді, бұл әр қызметдердің қоршаған ортанды қорғауға қоса алатын үлесі туралы түсінік қалыптастыруға көмектесті.

Өз тәжірибесінде Банк ел қалаларын көгалдандыру бойынша түрлі экологиялық акциялар өткізеді, Банкпен серіктестікте салынған жаңа ғимараттардың аулаларына ағаш отырғызды. 2023 жылы Банктің 30 қызметкери Almaty Clean & Green кең ауқымды әко-сенбілігіне қатысты. Банк қызметкерлері Алматы қаласының Әуезов ауданында орналасқан саябақта 30-ға жуық ағаш отырғызды.

## Атмосфераға парниктік газдар мен басқа да ластаушы заттардың шығарындылары

Банк 2060 жылға қарай Қазақстан Республикасының көміртегіге бейтарап болу үлттық мақсатына үмтүліп, жаһандық климаттың өзгеруін бейімдеу жөніндегі жаһандық күш салуға өз үлесін қосып келеді.

Банк өзінің операциялық қызметінде көміртегі ізін азайтуға үмтүлады және парниктік газдарды үлттық түгендеудің басшылық қағидаттары (МГЭИК, 2006), Парниктік газ туралы хаттаманың 2 қамту саласын есепке алу әдіснамасы (GHG Protocol Scope 2 Guidance) негізінде өз қызметі нәтижесінде түзілтін парниктік газдар шығарындыларын (бұдан әрі – ПГ) сандық бағалауды жүргізеді.

Банк жыл сайын отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну мониторингін жүргізуге, деректерді жинау-

ға, ПГ шығарындыларын бағалау туралы жария есеп беруге міндеттенеді.

Есепті жылы Банктегі процестерден ПГ шығарындыларын (1, 2 қамту) сандық бағалау үшін парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесін бекіту әсерді төмендете жолындағы алғашқы қадам болып табылды.

ПГ шығарындыларын бағалау тәсілінде операциялық бақылау тәсілі қолданылды, онда Банк операциялық бақылауға ие объектілерден барлық ПГ шығарындыларын ескереді. Банктің үлесі бар, бірақ операциялық бақылау жүргізілмейтін объектілерден ПГ шығарындылары есепке алынбайды. ПГ шығарындыларын сандық бағалау Банктің Орталық аппараты, барлық өнірлік филиалдары үшін жүргізіледі.

### Коршаған ортаға және климатқа әсер етудің мынадай негізгі көрсеткіштері көлтіріледі:

Парниктік газдар шығарындылары	2023
2023 жылғы CO <sub>2</sub> баламасындағы ПГ тікелей шығарындыларының жалпы көлемі (тонна) (1-қамту)	305,13
2023 жылғы CO <sub>2</sub> баламасындағы ПГ тікелей шығарындыларының бір жұмыскерге/қызметкерге көлемі (тонна)	0,16
2023 жылғы CO <sub>2</sub> баламасындағы ПГ жанама шығарындыларының жалпы көлемі (тонна) (2-қамту)	5 808,44
2023 жылғы CO <sub>2</sub> баламасындағы ПГ жанама шығарындыларының бір жұмыскерге/қызметкерге көлемі (тонна)	2,96

Басқа жанама шығарындылардың есебін (3-қамту)  
Банк 2024 жылы жасауды жоспарлап отыр.  
Банк ПГ шығарындылары бойынша қосымша нақты деректерді Банктің сайтында «Тұрақты даму» / «ESG есептілігі» бөлімінде орналастырылған ESG Databook шеңберінде көлтіреді.

## Сатып алулар

Банк тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жүзеге асыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылатын сатып алу рәсімдерінің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етуге үмтүледі. Бұл ретте баға ұсыныстарын сұрату, ашық тендер тәсілімен сатып алуға үйімдестіру және өткізу процестерін автоматтандыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелер белсенді пайдаланылады.

Сатып алуға жүзеге асыру мынадай қағидаттарға негізделеді:

1. сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмыс;
2. сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы;
3. әлеуettі жеткізуілерге сатып алу процесіне қатысуға тен мүмкіндіктер беру;
4. әлеуettі жеткізуілер арасындағы адаптациялардың жаңынан жаңынан жүргізу;
5. сатып алуға қатысуышылардың жауапкершілігі;
6. сыйбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу.

Банк мемлекеттік қатысумен кәсіпорындардың көпшілігінен тауарларды және қызметтерді сатып алады. Мұндай сатып алу жеке-жеке аз сомаларды құрайды және әдette коммерциялық негізде жүзеге асырылады. Тауарлар, жұмыстар және қызметтердің әлеуettі жеткізуілері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іріктеу критерийлері қолданылады.

2023 жылы өткізілген сатып алу рәсімдерінің қорытындысы бойынша 687 шарт жасалды. Жасалған шарттардың жалпы сомасы 12 452 344 мың теңгені (КҚС-сыз 11 339 379 мың теңге) құрады, игерілген баптар саны – 1 539. Өткізілген барлық сатып алулар бойынша қорытынды үнемдеу 485 951 мың теңгені құрады, алайда бұл үнемдеу Банктің қосымша қажеттіліктерін қанагаттандыра отырып, жыл ішінде қайта бөлініп, қайта игеріледі. Бұл ретте есепті кезеңде сатып алулардағы жергілікті қамту үлесі 70%-ды құрады (01.01.2024 жылға алынған есептер бойынша орындау көлемі 9 896 627 мың теңгені құрайды).